

Бюджет жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 24 желтоқсан N 52-І. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.04.01. N 358 заңымен. ~Z990358

Осы Заң республиканың түрлі деңгейдегі бюджеттерін қалыптастыру процесінде орын алатын қаржы қатынастарын реттейді, республикалық және жергілікті бюджеттердің жасалу, қаралу, бекітілу, атқарылу және бақылану процесін белгілейді.

І тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

бюджет - мемлекеттің өз міндеттерін жүзеге асыруына арналған және тиісті заңдарға сәйкес белгіленген салықтар мен өзге де кіріс көздерінің және түсімдердің есебінен құрылатын орталықтандырылған ақша қоры;

бюджет жіктелуі - функционалдық, ведомстволық және экономикалық сипаттама бойынша бюджетке түсетін түсімдер мен бюджеттен жұмсалатын шығыстардың топталуы;

бюджет құрылысы - бюджет жүйесінің, оның құрылу принциптерінің ұйымдастырылуы;

бюджет процесі - мемлекеттің өз органдары мен лауазымды адамдары арқылы барлық деңгейдегі бюджеттерді жасау, қарау, бекіту, атқару, атқарылуын бақылау және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту жөніндегі заң арқылы регламенттелген қызметі;

мемлекеттік бюджет - республикалық және жергілікті бюджеттердің бірінің-бірі арасындағы өзара өтелетін операциялары есепке алынбайтын жиынтығы;

мемлекеттік кепілдіктер - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыз алушы өзінен алынатын соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда несие беруші алдындағы берешекті ішінара немесе толық өтеу жөніндегі міндеттемесі;

мемлекеттік заемдар - Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық Банкі арқылы Қазақстан Республикасы заем алушы болатын заем қатынастары;

мемлекеттік қарыз алу - шарт немесе мемлекеттік бағалы қағаздар түрінде

көрсетілген мемлекеттік заемды тарту, игеру және өтеу процесі;
мемлекеттік борыш - белгіленген мерзімде игерілмеген және өтелмеген
мемлекеттік заемдар сомасы;

мемлекеттік кепілдік берілген борыш - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
мемлекеттік кепілдігі бар, белгілі бір мерзімде игерілген және өтелмеген заемдар
сомасы;

мемлекеттік шот - мемлекеттің барлық деңгейдегі бюджеттердің және
бюджеттен тыс барлық қорлардың шоттарындағы қаржы ресурстарын есепке алу
тәртібі;

бюджет тапшылығы - үкіметтің қарызға алған сомаларын қоспағанда,
шығыстар көлемінің және бюджеттен қайтарымды негізде бөлінген несиелердің
бюджетке түсетін түсімдердің жалпы сомасынан асып түсуі. Республикалық
бюджеттің құрамында бекітілетін тапшылық мөлшері ұлттық валютамен және
жалпы ішкі өнімге шаққандағы проценттермен көрсетіледі;

бюджет кірістері - салық және салық емес түсімдер мен алымдардың,
сондай-ақ бюджетке қайтарылмайтын негізде келіп түсетін капиталмен
жасалатын операциялардан түсетін кірістердің көлемі;

мемлекеттің біріктірілген қаржы балансы - дербес жұмыс істейтін
республикалық және жергілікті бюджеттердің (соның ішінде арнаулы
экономикалық аймақтар бюджеттерін қоса алғанда), бюджеттен тыс қорлардың
бірінің-бірі арасындағы өзара өтелетін операциялары есепке алынбайтын
ақшаның жиынтығы;

жергілікті бюджеттер - облыстық, қалалық (республикалық және облыстық
маңызы бар қалалар) бюджеттер, аудандардың бюджеттері және арнайы
экономикалық аймақтардың бюджеттері;

мемлекеттік борышқа қызмет көрсету - мемлекеттік борыш бойынша
сыйақыны (мүддені), сақтандырушылық, комиссиялық алымдар мен
айыппұлдарды төлеумен байланысты жиынтық төлемдер;

ресми трансферттер - бюджетке тегін және қайтарылмайтын болып түсетін
түсімдер мен бюджеттен жасалатын шығыстар;

бағдарламалар мен кіші бағдарламалар - белгілі бір міндеттер атқару үшін
ұйымдар жүзеге асыратын шаралар кешенін білдіретін шығыстардың жұмыс
істеу сипаттамасының ұғымы. Бағдарлама шаралар кешенінің құрамдас бөліктері
немесе нақты шаралар болып табылатын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

бюджет профициті - бюджетке келіп түсетін кірістер мен ресми трансферттер
түсімдері жалпы сомасының жалпы шығыстар көлемінен және қайтарымды
негізде бөлінетін несиелерден асып түсуі. Республикалық бюджет профицитінің
мөлшері ұлттық валютамен және жалпы ішкі өнімге шаққандағы проценттермен
есептеледі;

бюджет шығыстары - бекітілген бюджет шегінде бюджеттен қайтарылмайтын негізде бөлінетін қаражат;

резервтік қор - бір жолғы сипаттағы тосын шығындарды қаржыландыру үшін бюджет қаражаты есебінен құрылатын қор, соның ішінде республикалық бюджеттегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арнап орталықтандырылған қаражат;

секвестр - заңдармен белгіленген тәртіп бойынша бюджет шығыстарының бекітілген шекті лимиттерін пропорциялы түрде, белгілі бір проценттерге шағып қысқарту;

ерекшелік - бюджет қаражатын жұмсаудың экономикалық сипаттамасын айқындайтын көрсеткіш;

субвенциялар - нысаналы шығындарды немесе нысаналы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін төменгі бюджеттердің жоғары тұрған бюджеттерден бекітілген сомалар шегінде алатын ресми трансферттері;

субсидиялар - бюджеттен нысаналы шығыстарды (бағдарламаларды) қаржыландыру үшін ұйымдарға бекітілген сомалар шегінде бөлінетін трансферттік төлемдер;

есепті кезең - жаңа қаржы жылына енбейтін кезең, бұл кезең ішінде өткен қаржы жылында бекітілген қаржыландырумен қамтамасыз етілмеген бюджеттік шығыстар бойынша қорытынды операциялар жүргізіледі. Есепті кезеңнің ұзақтығын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді;

қаржы жылы - күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталатын тұрақты бюджеттік-есепке алу кезеңі. Қаржы жылына есепті кезең енбейді;

функционалдық топ - жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау мақсатымен бюджеттен жұмсалатын төлемдер тобы;

нысаналы қорлар - бюджеттің кіріс және шығыс бөліктеріне енгізілетін және арнайы белгіленген кірістер көздерінің есебінен қалыптастырылатын қорлар, олар нысаналы мақсат бойынша жұмсалады;

таза несие беру - берілген және өтелген несиелердің жалпы сомасы арасындағы айырма.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z970154_

2-бап. Бюджетті қалыптастыру негізі

Бюджет Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тиісті жылға арнап Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған индикативтік жоспарының параметрлерін ескере отырып, Қазақстан

Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы негізінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

3-бап. Мемлекеттің қаржы ресурстарын басқарудағы негізгі ережелер

1. Мемлекеттік бюджетке мыналар көрініс табады: мемлекеттің экономикалық және қаржы тұрғысындағы мақсаттарының өзара і с - қ и м ы л ы ;

түрлі деңгейдегі бюджеттердің өзара іс-қимылы және экономиканың әртүрлі секторларымен бюджеттердің өзара іс-қимылы; салық-фискальдық құралдарды жетілдіру; бюджеттен тыс қорларға бөлінетін қаржының көздері мен мөлшері; бюджетке келіп түсетін кірістердің және бюджеттен жұмсалатын шығыстардың құрылымы мен мөлшері, республикалық бюджет тапшылығының (п р о ф и ц и т і н і ң) м ө л ш е р і ;

жергілікті бюджеттердің теңдестірілуі; мемлекеттік борыштың өтелуін және мемлекеттің қаржы операцияларына жасайтын ықпалын ескере отырып, оның жай-күйі мен серпінділігін бағалау.

2. Бюджетті қалыптастыру кезінде барлық кірістер мен шығыстар, соның ішінде бюджет құрамына қосылатын нысаналы қаржыландыру қорлары бойынша барлық кірістер мен шығыстар ескеріледі. Бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру мен пайдалану процесі заң тәртібімен реттеледі.

ІІ т а р а у . Б Ю Д Ж Е Т Ж Ū Й Е С І

4 - б а п . Б ю д ж е т ж Ū й е с і

1. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі түрлі деңгейдегі бюджеттердің экономикалық қатынастар мен құқықтық нормаларға негізделген жиынтығы, сондай-ақ оларды әзірлеу, қарай, бекіту, атқару және бақылау процесі б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасында жинақтап алғанда мемлекеттің біріктірілген қаржы балансын құрайтын республикалық бюджет жергілікті бюджеттер (арнайы экономикалық аймақтардың бюджеттерін қоса алғанда) және бюджеттен тыс қорлар дербес жұмыс істейді.

3. Қаржы жылына арналған республикалық бюджет - Қазақстан Республикасының заңымен, жергілікті бюджеттер тиісті жергілікті өкілді органдардың шешімдерімен бекітіледі. Қаржы жылына арналған бюджеттен тыс қорлар мен арнайы экономикалық аймақтардың экономикалық және әлеуметтік

даму қорларының бюджеттері осы қорлар туралы заңдарға сәйкес бекітіледі.

4. Барлық деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыру, бекіту және олардың атқарылуын есепке алу ұлттық валютамен жүзеге асырылады.

5-бап. Бюджет құрылысының принциптері

Қазақстан Республикасы бюджетінің құрылысы республиканың бюджет жүйесіне кіретін барлық бюджеттердің бірлігі, толықтығы, нақтылығы, жариялылығы және дербестігі принциптеріне негізделеді.

Бюджет жүйесінің бірлігі бірыңғай құқықтық негіз, бірыңғай бюджеттік жүктеуді пайдалану, бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне беріліп отыратын мемлекеттік қаржы статистикасының бірлігі, бюджет процесінің принциптері, ақша жүйесінің бірлігі арқылы қамтамасыз етіледі. Ол барлық деңгейдегі бюджеттердің кірістерді қайта бөлу, нысаналы бюджеттік қорлар құру, оларды ішінара қайта бөлу арқылы өзара іс-қимыл жасауына негізделген.

6-бап. Бюджеттің құрылымы

Бюджеттің құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

"Кірістер" - Үкімет қарыздарынан түсетін түсімдерді және алынған ресми трансферттерді (гранттарды) қоспағанда, бюджетке түсетін барлық түсімдерді қ а м т и д ы ;

"Алынған ресми трансферттер (гранттар)" - "Кірістер" бөліміне енетін түсімдерді қоспағанда, бюджетке түсетін барлық түсімдерді қамтиды.

"Шығыстар" - мемлекеттік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, бюджеттен жұмсалатын барлық шығыстарды қамтиды, бұған несие беру және мемлекеттік борыштың негізгі сомасын өтеу бойынша бюджеттен төленетін төлемдер кірмейді;

"Несие беру, оның өтелуін шегеріп тастау" - несие беру бойынша бюджеттен төленетін төлемдер мен бұрын бюджеттен берілген несиелерді өтеуден түскен түсімдерді қамтиды және таза несие беруді көрсетеді;

"Бюджет тапшылығы (профициті)" - "Кірістер" және "Алынған ресми трансферттер (гранттар)" бөлімдерінің жалпы жиыны мен "Шығыстар" және "Несие беру, оның өтелуін шегеріп тастау" бөлімдерінің жалпы жиыны арасындағы айырманы құрайды;

"Қаржыландыру" - борыштың негізгі сомасын өтеуді шегеріп тастағанда бюджетке түсетін қарыз алу жөніндегі түсімдерді немесе қарыз алу жөніндегі түсімдерді шегеріп тастағанда бюджет профицитін борыштың негізгі сомасын өтеуге бөлуді қамтиды.

ЕСКЕРТУ. 6-баптың жетінші абзацы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.06.16. N 125-1 Заңымен. Z970125_

7-бап. Республикалық бюджет

Республикалық бюджет негізінен жалпымемлекеттік салықтар есебінен қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне Конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін белгілейтін жалпымемлекеттік бағдарламалар мен шараларды қаржыландыруға арналған орталықтандырылған ақшаның қоры болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгертілді - ҚР Президентінің 1997.07.11. N 154 Заңымен. Z 9 7 0 1 5 4 _

8-бап. Республикалық бюджетке түсетін түсімдер

Республикалық бюджетке түсетін түсімдер мыналарды қамтиды:

1) республикалық бюджеттің мыналардан тұратын кірістері: жергілікті бюджеттердің кірістеріне есептелуге тиісті сомаларды шегеріп тастағаннан кейінгі, жалпымемлекеттік салықтар мен алымдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарымен белгіленген салық және кеден түсімдері, бұл орайда жалпымемлекеттік салықтар бойынша түсімдердің нормативтері мен олардың облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша алғандағы жоғарғы шегі республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді;

заңдар және өзіне берілген өкілеттік шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін салықтық емес түсімдер;

мемлекеттің капиталымен жасалатын операциялардан түсетін кірістер; Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де түсімдер;

2) ресми алынған трансферттер (гранттар), олар мыналардан тұрады; ішкі ресми трансферттер, соның ішінде атқарушы органдардан алынатын трансферттер;

халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерден алынатын сыртқы ресми трансферттер;

3) республикалық бюджеттің тапшылығын жабуға қажетті ішкі және сыртқы көздерден бюджетке түсетін түсімдерден тұратын Үкімет қарыздары;

4) бұрын республикалық бюджеттен берілген несиелерді (қарыздарды) өтеуден түскен түсімдер, сондай-ақ міндеттемелерді өтеу үшін мемлекеттік

меншік акцияларының мемлекеттік бумасын сатудан түскен түсімдердің б ө л і к т е р і .

9-бап. Республикалық бюджеттен қаражаттың жұмсалуды

Республикалық бюджеттен мыналарды қамтитын мемлекеттік бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру қамтамасыз етіледі:

1) халықты әлеуметтік қорғауға арналған жалпымемлекеттік шығыстар, мемлекеттік, мемлекетаралық және өкілді органдарды ұстауға жұмсалатын шығыстар, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет және бағдарламалар мен кіші бағдарламаларды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жөніндегі басқа да шығыстар :

білім беру және денсаулық сақтау саласындағы;
іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласындағы;
қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, сот және қылмыстық-түзеу жүйесі саласындағы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы ;

туризмді, спортты ұйымдастыру жөніндегі орталық атқарушы органдар жүзеге асыратын шаралар бойынша және мәдениет саласындағы;

мемлекеттік радио мен теледидар және басқа да мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі жөніндегі;

ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау, ауыл шаруашылық өндірісін кеңейту, ауыл шаруашылық өсімдіктерінің аса қауіпті зиянкестері мен мал ауруларына қарсы күресу жөніндегі және басқа да басым мақсаттар жөніндегі;

орман шаруашылығын молықтыру және қорғау, экология, жануарлар дүниесін молайту, қорғау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау мен дамыту жөніндегі ;

жаңа тұрғын үй саясатын іске асыру және тұрғын үй құрылысын дамыту, құрылыстың, геологиялық-барлау, геодезиялық және сейсмологиялық жұмыстардың, жер қойнауын қорғаудың, жерге орналастырудың нормативтік негізін орнықтыру, сумен жабдықтау мен канализацияның ірі объектілерін салу шаралары жөніндегі ;

мемлекеттік борыштар бойынша проценттер төлеуге және оларды орналастыруға байланысты мемлекеттік міндеттемелерді орындау жөніндегі;

мемлекеттік инвестициялық саясат, сондай-ақ субвенция ретінде бюджетке берілетін және Зейнетақылар төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін жасау үшін трансферттік шығыстар жөніндегі;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламаларына сәйкес басқа да жалпымемлекеттік басым шаралар, соның ішінде мемлекеттік борышқа қызмет

көрсету шығындары жөніндегі шығыстар;

2) қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаларды орындау үшін әдетте мемлекеттік банктер арқылы қайтарымды негізде бюджеттен бөлінетін бюджет қаражаты;

3) мемлекеттік борыштың негізгі сомасын өтеу.

ЕСКЕРТУ. 9-баптың 1-тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.16. N 125-І Заңымен. Z970125_

10-бап. Жергілікті бюджеттер

1. Жергілікті бюджеттен жергілікті бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру қамтамасыз етіледі. Жергілікті бюджет арқылы жалпы мемлекеттік бағдарламалар мен шаралардың бір бөлігін іске асыруға жол беріледі.

2. Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағында арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істейтінін ескере отырып, өз аумағының бюджетін дербес жасайды және атқарады. Жергілікті өкілді органдар алдағы қаржы жылына арналған бюджетті және өткен қаржы жылының тиісті жергілікті бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарап, бекітеді.

3. Арнайы экономикалық аймақтардың бюджеттерін арнайы экономикалық аймақтардың әкімшілік кеңестері қалыптастырады, олар Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдарда және Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін арнайы экономикалық аймақтар туралы ережелерде белгіленген тәртіп пен ережелер бойынша қаралады, бекітіледі және атқарылады.

4. Облыстық бюджеттің және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінің арасындағы жалпы мемлекеттік салықтардың, алымдар мен төлемдердің ара-жігін анықтауды жергілікті атқарушы органдар белгілеп, тиісті өкілді органдар қарайды және бекітеді.

11-бап. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер мыналарды қамтиды:

1) жергілікті бюджеттің мыналардан тұратын кірістері:

Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленген жергілікті салықтар мен алымдар;

аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін ескере отырып,

төменгі бюджеттерді реттеу тәртібімен жалпы мемлекеттік салықтардан бөлінетін қаржы сомалары;

жергілікті бюджеттерге республиканың заң актілерімен белгіленген салықтық емес түсімдер;

2) алынған ресми трансферттер, олар мыналардан тұрады;

жергілікті атқарушы органдар өз бюджеттерінің теңдестірілуін қамтамасыз ету мақсатымен жоғары тұрған бюджеттен алатын ішкі ресми трансферттер;

халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерден алынатын сыртқы ресми трансферттер;

3) тоқсан сайынғы кассалық үзілісті жабу үшін төменгі бюджеттердің жоғары тұрған бюджеттерден қарызға алған қаражатының түсімдері;

4) бұрын берілген несиелерді өтеуден түсетін түсімдер.

12-бап. Жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды

Жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды мыналарды қамтиды:

1) жергілікті мемлекеттік басқару органдарын ұстауға жұмсалатын шығындар және жергілікті атқарушы органдардың;

жергілікті атқарушы органдар жүргізетін қоғамдық құқық тәртібі мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

білім беру мен денсаулық сақтау;

әлеуметтік сақтандыру және халықтың жекелеген санаттары үшін заңмен белгіленген жеңілдіктерді іске асыру;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көркейту, сумен жабдықтау және инженерлік инфрақұрылым;

мәдениет, туризм, спорт, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын ұстау және демалысты ұйымдастыру;

аграрлық реформа, жер реформасын жүзеге асыру, ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау, өсімдіктердің аса қауіпті зиянкестері мен мал ауруларына қарсы күрес және басқа мақсаттар;

экология және табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;

шағын және орташа бизнесті дамыту;

несиелерге қызмет көрсету жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, кезекті қаржы жылына арнап бекітілген бюджетте көзделген басқа да бағдарламаларды қ а м т а м а с ы з е т у ;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған шығыстар;

2) қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды орындау үшін мемлекеттік банктер арқылы әдетте қайтарылатын негізде бөлінетін бюджет қаражаты;

3) алынған несиелердің негізгі сомасын өтеу.

13-бап. Жергілікті бюджеттердің теңдестірілуін қамтамасыз ету

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар) бюджеттердің кірістері мен шығыстарының теңдестірілуін қамтамасыз ету мақсатында кезекті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда жалпы мемлекеттік салықтар мен алымдардан облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне қаржы аудару, сондай-ақ республикалық бюджеттен субвенциялар бөлу к ө з д е л е д і .

14-бап. Резервтік қорлар

1. Резервтік қорлар көлденең шығыстарды қаржыландыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттер құрамында құрылады.

Тиісті жылға арналған бюджеттер шығыстарының құрамында бекітілген мөлшер шегінде резервтік қордан қаражат бөлу және қаржыландыруды ашу бюджет деңгейіне қарай тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың шешімдері бойынша жүргізіледі, олар ағымдағы қаржы жылының соңында күшін жояды.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің резервтік қорларының қаражатын пайдалану тәртібін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

3. Резервтік қордың мөлшері тиісті бюджет көлемінің екі процентінен аспауға т и і с .

15-бап. Мемлекеттің біріктірілген қаржы балансы

1. Мемлекеттің біріктірілген қаржы балансы бюджеттен тыс қорларды, арнайы экономикалық аймақтардың бюджеттерін ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіретін мемлекеттік бюджетті қамтиды.

2. Мемлекеттік біріктірілген қаржы балансы мемлекеттің қаржы ресурстарын басқару, бюджет саясатының негізгі бағыттарын, бюджет

жүйесі көрсеткіштерінің экономиканың басқа секторлары және мемлекеттік шотты жүргізу көрсеткіштерімен өзара байланысын көрсету мақсатымен жасалады.

16-бап. Мемлекеттік шот

Мемлекеттік шоттың жүргізілуін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе ол уәкілдік берген басқа банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып қамтамасыз етеді.

III тарау. БЮДЖЕТТІ ЖАСАУ, ҚАРАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

17-бап. Бюджетті әзірлеу

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауының, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының, бюджеттің ағымдағы атқарылуын бағалаудың, макроэкономикалық көрсеткіштердің серпінділігінің, ақша-несие саясатының негізінде алдағы қаржы жылына арнап жасалған бюджет саясатының негізгі бағыттарын және мемлекеттің біріктірілген қаржы балансының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді.

2. Алдағы жылға арналған бюджет саясатының негізгі бағыттары және мемлекеттің біріктірілген қаржы балансының жобасы мақұлданғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы қабылдап, онда бюджет қаражаты есебінен ұсталатын орталық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың бюджет жобасын қалыптастыру және оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс ету тәртібін, мерзімін белгілейді.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттерді жасау, қарау және бекіту тәртібі қолданылып жүрген заңдар негізінде белгіленеді.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттердің жасалу және атқарылу ережелерін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен бағдарламалар бойынша жұмыстар атқару мен қызмет көрсетуге тапсырыстарды орналастыру, әдетте,

конкурстық негізде жүргізіледі.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы е с е п т е р ж а р и я л а й д ы .

18-бап. Республикалық бюджетті жасау

1. Мемлекеттің біріктірілген қаржы балансының Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған жобасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу және алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттің жалпымемлекеттік салықтар мен алымдардан жергілікті бюджеттерге қаржы аудару нормативтерінің және республикалық бюджетпен жорамалданып отырған басқа да өзара қатынастардың шамасын айқындау кезінде негізге алынатын ірілендірілген параметрлерін айқындау үшін негіз болып табылады.

2. Республикалық бюджеттің жобасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін бюджеттік жіктеуге сәйкес әзірленеді.

3. Республикалық бюджет туралы заңның жобасында түсімдердің барлық түрінің жиынтығы, ретке келтіруші жалпымемлекеттік салықтарды бөлу нормативтері, сондай-ақ бюджеттік жіктеуге сәйкес, бюджет тапшылығының бюджет (профицитінің) мөлшері атала отырып, функционалдық топтар, қызметтер, кіші қызметтер мен мекемелер бойынша шығыстардың шекті мөлшері, сондай-ақ ресми трансферттердің жобаланып отырған мөлшері көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. 18-баптың 3-тармағына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.16. N 125-1 Заңымен. Z970125_

19-бап. Республикалық бюджетті қарау және бекіту

1. Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген заң жобасы барлық қосымшаларымен бірге жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Парламентінің талқылауына табыс етіледі.

2. Республикалық бюджетті бекіту және бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу олар әуелі Мәжілісте, содан соң Сенатта мұқият талқыланып, Палаталардың бірлескен отырысында жасалады.

Талқылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің баяндамасынан және Қазақстан Республикасының Экономика министрі мен Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің Төрағасының, сондай-ақ қаралып отырған мәселе бойынша Палаталардың қорытынды жасаған қосымша баяндамаларынан басталады.

3. Алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджет Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында есепті жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі.

Егер Қазақстан Республикасының Парламенті кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде бекітпесе, Қазақстан Республикасының Президенті "Алдағы қаржы жылының 1 тоқсанына арналған республикалық қаржылық жоспар туралы" Жарлық шығарады да, ол Жарлық Қазақстан Республикасының Парламенті республикалық бюджетті бекіткенге дейін қолданылады.

Қаржылық жоспардың атқарылуы республикалық бюджет үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

20-бап. Республикалық бюджетті нақтылау тәртібі

Республикалық бюджетті оның атқарылуы барысында нақтылай түсу Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстары немесе қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа да заңдық бастамалар негізінде осы заңның тәртібі мен ережелері бойынша жүзеге асырылады.

21-бап. Жергілікті бюджеттердің жасалу, қаралу, бекітілу және атқарылу тәртібі

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің болжанып отырған жобасы мен оның құрамындағы келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің жобаланып отырған ірілендірілген шотын Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдағаннан кейін бір апта мерзімде, бірақ 15 тамыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне олардың бюджеттерінің кірісіне жалпымемлекеттік салықтар мен алымдардан бөлінетін қаржының жобаланып отырған мөлшерін, жалпымемлекеттік бағдарламаларды (нақ қандай екенін көрсетіп) қаржыландыруға республикалық бюджеттен бөлінбекші болып отырған қаражаттың сомасын және, қажет болған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар үміт ете алатын несиенің (қарыздың) шамамен алынған сомасын, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың басқару аппаратын ұстауға арналған шығыстардың шекті лимиттерін хабарлайды.

2. Осы баптың 1-тармағында аталып, Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігі хабарлаған көрсеткіштер мен облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің негізгі параметрлері бойынша өздерінің болжамды деректері негізінде жергілікті атқарушы органдар өз бюджеттерінің болжамды көлемін дербес белгілейді.

3. Жергілікті бюджеттердің жасалуы, бекітілуі және атқарылуы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен бюджеттік жіктеуге сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жалпы мемлекеттік салықтар мен кірістердің облыстық маңызы бар қалалар бюджеттері мен аудандар бюджеттері арасында бөлінуін жергілікті өкілді органдар өздерінің қаржы жылына арналған облыстық (қалалық) бюджет туралы шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

5. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар тиісті жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарының теңдестірілуі үшін жауап береді.

6. Жоғары тұрған мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың төменгі бюджеттерді жасау, бекіту және атқару процесіне араласуына жол берілмейді.

7. Төменгі бюджеттерге функционалдық топтар бойынша нақты бағдарламаларды іске асыру үшін республикалық бюджеттен субвенция түрінде ерекше жағдайда берілетін ресми трансферттердің көлемі республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.

8. Жергілікті бюджеттерде жоспарланып отырған қаржы жылының басындағы жергілікті бюджеттер қаражатының қалдығы есебінен қолма-қол ақшаның айналым резерві құрылады, оны жергілікті атқарушы органдар қаржы жылы ішінде өтімділікті басқару үшін пайдаланады. Қолма-қол ақшаның айналым резервінің мөлшері тиісті жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде айқындалады.

9. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері кезекті жылына арналған республикалық бюджет туралы заң күшіне енгеннен кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей бюджеттің бұрын болжанып жасалған көлемін нақтылап, облыстық және қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) бюджет жобасының пысықталған нұсқасын тиісті мәслихаттың қарауына енгізеді, ол екі апта ішінде оны бекіту жөнінде шешім қабылдайды.

10. Аудандар мен қалалардың (облыстық маңызы бар) әкімдері өз кезегінде облыстық бюджеттің жобасы бекітілгеннен кейін бюджеттердің жобасын екі апта мерзімде тиісті мәслихаттың қарауына енгізеді, ол осындай мерзімнен кешіктірмей бюджетті бекіту туралы шешім қабылдайды. Арнайы экономикалық аймақтардың бюджеттері де нақ осындай мерзімдерде бекітіледі.

11. Тиісті мәслихаттар алдағы қаржылық жылға арналған жергілікті бюджетті бекіткенге дейін 1 тоқсанның бюджетін атқару алдағы қаржылық жылға арналған

жылдық бюджет жобасының 1/4 бөлігі мөлшерінде жүзеге асырылады.

IV тарау. ҮКІМЕТТІК НЕСИЕ БЕРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК Қ А Р Ы З

22-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін несие

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан, әдетте, мемлекеттік банктер арқылы республикалық бюджетте көзделген сомалар шегінде және ондағы мақсаттарға арнап мемлекеттік несие бере алады.

Несие беру тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі уақытша кассалық үзілісті жабу үшін облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің өтініші бойынша жергілікті бюджеттерге республикалық бюджеттен бюджеттік несие (қарыз) бере алады.

Нақ осы мақсатта жоғары тұрған жергілікті бюджеттер төменгі бюджеттерге бюджеттік несие (қарыз) бере алады. Аталған несие (қарыз) тиісті жергілікті бюджеттердің кепілдігімен беріледі.

Оларды берудің тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін Республикалық және жергілікті бюджеттердің жасалу және атқарылу ережелерімен белгіленеді.

23-бап. Мемлекеттік қарыз алу

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңды және жеке тұлғалардан, шет мемлекеттерден және халықаралық ұйымдардан республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін қарызға қаражат алуға құқығы бар.

2. Мемлекеттік қарызға қаржы алу заем шарттары немесе мемлекеттік бағалы қағаздар шығару түрінде жүзеге асырылады. Заем шарттарын жасаудың немесе мемлекеттік бағалы қағаздар шығарудың тәртібі мен ережелері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген ережелерімен белгіленеді.

3. Республикалық бюджет туралы заңда Қазақстан Республикасы

Үкіметінің қарыз алуы нәтижесінде пайда болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышының лимиті, Қазақстан Республикасы мемлекеттік кепілдіктерінің лимиті бекітіледі, сондай-ақ аталған мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған қаражат көзделеді.

4.

4. Республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктерінен туындайтын төлемдер бойынша тәуекелді жабуға арналған қаражат көзделеді.

ЕСКЕРТУ. 23-бапта 3-тармақ жаңа редакцияда, 4-тармақ алынып тасталды 5-тармақ 4-тармақ болып есептелінді - Қазақстан Республикасының 1997.06.16. N 125-1 Заңымен.

Z970125_

24-бап. Мемлекеттік борыш

1. Мемлекеттік борыш:

Қазақстан Республикасының резиденттер еместері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар қарыз беруші болып табылатын сыртқы мемлекеттік борыштан;

Қазақстан Республикасының резиденттері қарыз беруші болып табылатын ішкі мемлекеттік борыштан тұрады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік борышты басқару мен қамтуды қамтамасыз етеді және ұйымдастырады.

V тарау. БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ

25-бап. Республикалық бюджеттің атқарылу тәртібі

1. Республикалық бюджеттің атқарылуын Қазақстан Республикасының Үкіметі ұйымдастырады.

2. Ұйымдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қазынашылық беретін рұқсаттар негізінде бюджеттік мақсаттарға сәйкес шығыстар жұмсайды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тиісті

қаржы жылына арналған шығыстар сметасын тапсырмаған және бөлінген қаржыларды мақсатқа сай емес немесе тиімсіз пайдаланған жағдайда бюджет қаржыларын бөлмеуге, қайтарып алуға және оларды жұмсауға тыйым салуға қ ұ қ ы л ы .

3. Барлық мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп әзірлеуге қажетті ақпаратты оларға белгіленген мерзімде табыс етуге міндетті.

4. Бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттік ұйымдардың құрылымы мен қызметтерін жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің бөлінген қаржыға мекемелер бойынша (бюджеттік жіктеуге сәйкес) өзгерістер енгізуге және республикалық бюджеттің тапшылығын жабу көздерін өзгертуге құқығы бар.

5. Республикалық бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен бір бағдарламадан, кіші бағдарламадан, айрықша саладан екіншілеріне қаржы аударуы мүмкін.

6. Жергілікті бюджеттердің және бюджеттен тыс мақсатты қорлардың есебінен ұсталатын ұйымдарға (республикалық бюджет туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда), қоғамдық және шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттік қатысу үлесінсіз шаруашылық жүргізуші субъектілерге республикалық бюджеттен қаржы бөлуге жол берілмейді.

7. Егер бюджеттің атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілер қабылдаса, соларға сәйкес облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бюджеттерінің шығыстары ұлғайса не кірістері азайса, олардың шығындары республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі және, керісінше, олардың шығыстары азайған немесе кірістері ұлғайған жағдайда субвенциялар азайтылады, ал субвенциялық емес салалар бойынша олар өзара есеп айырысуға жатқызылады.

8. Өткен жылғы кірістерді артығымен орындау нәтижесінде қаржы жылының басында алынған бюджет қаржыларының бос қалдықтарын, сондай-ақ ағымдағы жылдың бюджетін атқару барысында өткен кезең ішіндегі кірістерді артығымен орындау сомаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджетті атқару үстінде пайда болатын қосымша шығындарды қаржыландыруға жұмсауы мүмкін .

9. Республикалық бюджетте алдағы қаржы жылының басындағы республикалық бюджет бойынша қаражат қалдығының есебінен қолма-қол ақшаның айналым резерві құрылады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржы жылы ішінде өтімділікті басқару үшін пайдаланады.

ЕСКЕРТУ. 25-баптың 4-тармағына өзгеріс енгізілді - Қазақстан

26-бап. Жергілікті бюджеттердің атқарылу тәртібі

1. Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аймақтық бөліністер бюджеттерінің атқарылуын, бюджет қаржыларының тиімді әрі мақсатты жұмсалуды ұйымдастырады.

2. Жергілікті бюджеттерді атқару бекітілген бюджеттердің сомалары шегінде құралатын облыстық бюджеттердің, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінің, аудан бюджеттерінің тоқсанға бөлінген кірістері мен шығыстарының жазбасы бойынша жүзеге асырылады.

Жергілікті қаржы органдарының бөлінген бюджеттік қаржылар мақсатқа сай емес немесе тиімсіз пайдаланылған жағдайда қаржыландыруды тоқтата тұруға немесе қайтарып алуға құқығы бар.

3. Жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдар жергілікті қаржы органдарының келісімімен қаржыларды, бекітілген бюджетте арнайы бөлінгендерінен басқа, бір бағдарламадан, кіші бағдарламадан және айрықша саладан екіншісіне аударуы мүмкін.

4. Облыстық және қалалық (республикалық маңызы бар қалалар) бюджеттерді бекіткен кезде төменгі бюджеттермен қатар тиісті облыстың аумағында және республикалық маңызы бар қалалар шегінде орналасқан арнайы экономикалық аймақтар бюджеттерімен өзара қатынастар да қаралады.

Арнайы экономикалық аймақтың жергілікті бюджетпен өзара қатынастары арнайы экономикалық аймақтар туралы ережелерде белгіленген және кезекті жылдың тиісті жергілікті бюджетінде есепке алынған арнайы экономикалық аймақтардың бюджетіне түсетін кірістердің жалпы сомасының ұзақ мерзімде тұрақты аударым нормативті арқылы айқындалады. Арнайы экономикалық аймақтың қарауында қалатын түсімдер республикалық бюджет пен арнайы экономикалық аймақтар орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес жергілікті бюджеттерге қаржы аудару нормативін анықтау үшін қабылданатын жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар, алымдар және басқа түсімдер қатарынан алып тасталады.

5. Егер жергілікті атқарушы органдар бюджеттің атқарылуы барысында нормативтік актілер қабылдап, осыған сәйкес төменгі бюджеттердің шығыстары артса немесе кірістері азайса, бұл бюджеттердің қаржылары жоғары тұрған бюджеттен өтеледі: төменгі бюджеттердің шығыстары азайған немесе кірістері артқан кезде тиісті сомалар жоғары тұрған бюджетке толық көлемінде беріледі, ал субвенциялар бөліну көзделген төменгі бюджеттер бойынша оның мөлшері азайтылады.

6. Жергілікті бюджеттерден республикалық бюджет және бюджеттен тыс қорлар есебінен ұсталатын ұйымдарға (республикалық бюджет туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда), қоғамдық және шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдарға, сондай-ақ мемлекеттің үлес қосып қатысуынсыз шаруашылық жүргізуші субъектілерге қаржы бөлуге жол берілмейді.

7. Кірістерді артығымен орындау нәтижесінде қаржы жылының басында алынған бюджеттік қаржылардың бос қалдықтарын, сондай-ақ ағымдағы жылдың бюджетін атқару барысында өткен тоқсанда кірістерді артығымен орындау сомалары әкімдердің шешімімен тиісті бюджетті атқару үстінде пайда болатын қосымша шығындарды қаржыландыруға жұмсалуды мүмкін және ол жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жатпайды.

27-бап. Бюджет шығыстарын секвестрлеу

Егер бюджеттің атқарылуы барысында тапшылықтың бекітілген деңгейінің артуы немесе бюджетке түсетін кірістердің айтарлықтай азаюы қалыптасса, онда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар Бюджеттің құрастырылу және атқарылу ережелеріне сәйкес шығыстарды секвестрлеуді енгізуге құқылы.

Секвестрлеуге жатпайтын шығыстар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Парламенті мен жергілікті өкілді органдар тиісті жылға арналған бюджеттер туралы заң шешімдерде белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 27-бапта бірінші бөлікке толықтыру енгізілді, екінші бөлік жаңа редакцияда жазылды, үшінші бөлік алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.06.16. N 125-1 заңмен. Z970125_

28-бап. Төтенше мемлекеттік бюджет

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен мемлекеттің барлық қаржы ресурстарын қамтитын Қазақстан Республикасының төтенше мемлекеттік бюджетті енгізілуі мүмкін. Төтенше мемлекеттік бюджет қолданылған кезде республикалық бюджет туралы заңның және барлық деңгейдегі бюджеттер туралы шешімдердің қолданылуы тоқтатылады.

Төтенше бюджеттің қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарланады.

Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу немесе таралуы ауқымды сипат алған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан экономикаға экономикалық және қаржылық жағынан келтірілген едәуір залал төтенше бюджетті енгізуге негіз болып табылады.

29-бап. Қаржы рәсімдері және бюджеттердің атқарылуын есепке алу

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар үшін және бюджеттен тыс қорлардың қаржыларын жұмсайтын барлық ұйымдар үшін де міндетті әрі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткеннен кейін күшіне енетін Қаржы рәсімдері мен есеп беру нысандарын (мерзімдік және жылдық) жүргізу ережелерін әзірлейді.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес орталық атқарушы органдардың, жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдардың, сондай-ақ нысаналы қаржыландыру қорлары мен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың бюджеттік шоттарын ашу және жабу тәртібін айқындайды.

3. Есепті кезеңінің ішінде есеп беріліп отырған қаржы жылы бюджетінің атқарылуы аясындағы операциялар аяқталады.

30-бап. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп беру

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі не оның тапсыруымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Парламентіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы түсіндірме жазбасымен және қосымшаларымен жылдық есеп, сондай-ақ республикалық бюджеттің атқарылуы туралы айлық және тоқсандық хабарлама табыс етіп о т ы р а д ы .

2. Жергілікті атқарушы органдар ай сайын алдағы жылға арналған жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінің жобасын ұсыну үшін белгіленген мерзімде бекітуге жоғары тұрған атқарушы органға және тиісті мәслихатқа бюджеттің атқарылуы туралы есепті табыс етеді.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ай сайын есеп беріліп отырған кезең үшін қорытындысы еселене түскен республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы жиынтық есеп жасап, оны Қазақстан Республикасы Үкіметіне табыс етеді.

4. Барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен басқа да ұйымдар осы Заңға

сәйкес бюджеттің жасалуы және атқарылуы жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеген нормативтік актілерді басшылыққа алуға міндетті.

VI тарау. БЮДЖЕТТЕРДІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ

31-бап. Бюджеттердің атқарылуын бақылау

1. Бюджеттен бөлінетін қаржы шығыстарының сметаларын жасаудың, оларды бекітудің дұрыстығы үшін және бюджет қаражатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың тиімді әрі нысаналы пайдалануына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүзеге асырады.

2. Жергілікті бюджеттердің қалыптастырылуы мен атқарылуына

бақылау жасауды тиісті жергілікті атқарушы және өкілді органдарды міндетті түрде хабардар ете отырып, тиісті деңгейдегі өкілді органдардың тексеру комиссиялары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

3. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын жоспарлау мен пайдалануға тексеру мен тексерістер жүргізудің тәртібі мен дүркінділігін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

VII тарау. БЮДЖЕТ ЗАҢДАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

32-бап. Бюджет заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Бюджет заңдарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіп бойынша жауапқа тартуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК